

**Ақжайық аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 16-2 " Ақжайық ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 маусымдағы № 4-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 шілдеде № 4465 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 ақпандағы № 43-1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 28.02.2020 № 43-1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Ақжайық аудандық.мәслихаты

### **Ш Е Ш І М**

### **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ақжайық аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 16-2 " Ақжайық ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3419 тіркелген, 2014 жылғы 6 ақпандағы " Жайық таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақжайық ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасында:

8-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға АЕК-тің 50 пайыз мөлшерінде көрсетіледі. " ;

9 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қатерлі ісікпен ауыратындарға, емделудің сүйемелдеу кезіндегі туберкулезбен ауыратындарға, аурулығын дәлелдейтін анықтама негізінде табыстарын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) гемодиализ аппаратын қабылдайтын бірінші топ мүгедектеріне, табыстарын есепке алмай 50 АЕК мөлшерінде көрсетіледі;"

2. Аудандық мәслихат аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы (Т.Горбунова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы  
Мәслихат хатшысы*

*С. Дошанова  
С. Сиражев*

" К Е Л І С І Л Д І "

Б а т ы с - Қ а з а қ с т а н  
ә к і м і н і ң

о б л ы с ы

о р ы н б а с а р ы

М .

Т о қ ж а н о в

-----  
24.06.2016 ж.